

I. Есенберлин атындағы жалпы ата-аналар жиналысының

№ 3 хаттамасы




Күні: 12.05.2023ж.
 Уақыты: 16.00
 Қатысушылар: 1-11 сынып ата-аналары

Күн тәртібі:

1. 2022-2023 оқу жылының аяқталуы туралы- Г. Ережепова ОЮ
2. Оқушылардың жазғы демалысы. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі- Г. Оналбаева ТЖО
3. 2023 жылдың бюджеттік жоспары туралы- Г. Абдраманова директор

Тыңдалды:

1. Гимназия директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ережепова Г. Е. 2022-2023 оқу жылының аяқталуы туралы таныстырып өтті. Биылғы оқу жылы 31 мамыр күні аяқталады. Сыныптардың жылдық қорытындылары және 9, 11 сыныптарға мемлекеттік аттестациялау емтиханы бұйрығымен таныстырып өтті.





2. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Оналбаева оқушылардың жазғы демалысы мен каникул уақытындағы өмір қауіпсіздігін сақтау туралы сынып жетекшілерге түсіндіріп өтті. Оқу жылының аяқталған соңғы күні сынып сағаттарына арналады. 31 мамыр күні 1-11 сыныптар тақырыптық сынып сағаты мен оқу жылын қорытындылау және қауіпсіздік шараларын таныстыру өткізіледі.

Уақыты	Жұмыстың мазмұны	Жауаптылар
1-ауысым 10.35-11.00 2-ауысым 15.35-16.00	Сынып сағаты: «31 мамыр - саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні»	1 – 11 сынып жетекшілері

1-ауысым 11.00-11.30 2-ауысым 16.00-16.30	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жыл бойы оқыған кітаптарының қорытындылауы	1 – 11 сынып жетекшілері
1-ауысым 11.30-12.00 2-ауысым 15.35-16.00	- 2022-2023 оқу жылының аяқталуы туралы қорытынды. - Оқушылардың жазғы демалысындағы қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы	

- Оқушылардың жазғы демалысы бойынша Астана қаласы Білім басқармасының 02.05.2023ж. №912 бұйрығы және 26.04.2023ж. №141 бұйрығы негізінде мектептің бұйрығы таныстырылды.



3. Гимназияның оқу- тәрбие процесіне, материалдық базасын нығайтуға және жалпы мектептің қаржысы туралы 2023 жылдың бюджеттік жоспарымен гимназия директоры Г. Абдраманова таныстырып өтті. Биылғы жылға мектепке алынатын заттар мен жабдықтауға берліген пән кабинеттерінің уақытылы, заң талаптарына сәйкес жүргізілуін қадағаланатыны жайында айтып өтті.

3. Гимназияның қамқоршылық кеңесі және ата-аналар институты мүшелерінің ұсыныстары негізінде оқу жылын аяқтауды қорытындылауға жыл бойы жетістіктерге қол жеткізген оқушыларды жұлдыздар шеруі іс-шарасын жән ата-аналар мен оқушылардың бірлескен құндылыққа тәрбиелеу мақсатында этнофестиваль ұйымдастыруға Г. Үрметова және Р. Бегасилов өз пікірлерін білдірді. Әр сыныптың ата-аналар комитеттері де қолдау танытты. Этнофестивальде ұлттық қолөнер, ән-би өнері, түрлі ұлттың мәдениеті жайында оқушылар мен ата-аналар өнер көрсетіп, көрме дайындауға болатынын атап өтті.

Қаулы :

1. 2022-2023 оқу жылының аяқталуының 31 мамыр соңғы оқу күнінде тақырыптық сынып сағаты өткізілу. 9,11 сыныптардың қорытынды аттестатталуы туралы дайындық жұмысын жүргізуді ұйымдастыру - ОЮ Г. Ережеповаға тапсырылсын.
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру, мектеп жанындағы жазғы тынығу лагері мен спорттық ойындар ұйымдастыру бастауыш сынып оқу ісі орынбасары Т. Боранбаеваға, оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау шаралары туралы 1-11 сынып жетекшілеріне жүктелсін.
3. 2023 жылға бөлінген бюджеттің жоспары жұмсалуды мен орындалуды бас есепші Қ. Курегеноваға тапсырылсын.

Хатшы:  Г. Оналбаева